

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	019
Жинақтағы беттері	79-83
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 334.722(574)
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Бахытбек Гүлжан Нұржанқызы
Мәртебесі	Магистрант
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, Есеп және аудит магистрі - Есенова М.Ж.
Мақала атауы	КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ІШКІ АУДИТТИ ДАМУТУ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

4. Маклейни Э., Этрилл П. Финансовый менеджмент и управленческий учет для руководителей и бизнесменов. –М.: Издательство Альпина Паблишер, 2019 . – 648 с.

5. Воронцова М. М. Конкурентоспособность предприятия путем управления затратами // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2020. – Т. 13. – С. 1451–1455. – URL: <http://e-koncept.ru/2015/85291.htm>.

6. Волкова Е.А. Применение системы «Директ-костинг» на предприятии с целью повышения эффективности учета затрат // [yberleninka.ru/article](http://yberleninka.ru/article)

**ӘОЖ 334.722(574)**

## **КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ІШКІ АУДИТТИ ДАМУ**

**Бахытбек Гүлжан Нұржанқызы**

[gulzhan12345678@mail.ru](mailto:gulzhan12345678@mail.ru)

«Бухгалтерлік есеп және аудит» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, Есеп және аудит магистрі - Есенова М.Ж.

Ішкі аудит - бұл ұйымның қызметін ішкі бақылаудың бір түрі. Процедура басшылыққа бизнестің қаржылық жағдайын және есеп берудің дұрыстығын тексеруге көмектеседі. Ішкі аудиттің басты мақсаты - ұйымның және меншік иелерінің заңдық мүдделерінің қорғалуын, ұйымның қаржы-шаруашылық қызмегінде орын алған операциялардың дұрыстығына, шындығына бақылау жасау, орын алған кемшіліктерді дер кезінде анықтап, басқару жүйесіне хабарлауды қамтамасыз ету. Ішкі аудиттің пайдалылығы, оның қолдануға ыңғайлылығында, себебі ішкі аудит ішкі құжаттарды дер кезінде, әрі мұқият тексеріп, бухгалтерлік есептіліктерге талдау жасап, оның бұрыс тұстарын анықтайды, бұл жетекшілікке туындаған қателіктерді дер кезінде жоюға мүмкіндік береді.

Ішкі аудит субъектінің ішінде жүргізілетін жұмыстарға тәуелсіз түрде баға беру, оларға қызмет көрсету болып табылады. Жалпы алғанда ішкі аудиттің орындалатын жұмыстарының саны өте көп. Бухгалтерлік құжаттардың дұрыс орындалуы мен барын тексерумен қатар әкімшілік тәртіптің сақталуын, бұйрықтар мен үкімінің орындалуын тексереді және тауарлы материалды құндылықтарды, негізгі құралдарды түгендеу жұмысын ұйымдастырады т. с. с. Ішкі аудиттің міндеті мен мақсаты және орындалатын жұмысы субъекті бастығының талабына сай жүргізіледі. Сонымен қатар субъекті бастығының ұсынысы бойынша ішкі аудиттің жұмысы ұйымдастырылады. Ішкі аудиттің маңызын түсіну үшін оның объектілерін анықтау қажет.

Осылайша, ішкі аудит дегеніміз - кеңес беру, аудит көрсеткіштерін талдау жолымен оның белгіленген параметрлерге сәйкестігін сандық- сапалық бағалау процесі.

Халықаралық тәжірибеде ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлері өз жұмысында әдеп кодексі мен ішкі аудиттің кәсіби стандарттарына сүйенеді. Осы стандарттың мақсаты:

- ішкі аудит тәжірибесінің негізгі қағидаларын белгілеу;
- ішкі аудиттің кең спектрлі қызметінің негізіне жататын тұжырымдық базасын анықтау;
- ішкі аудит қызметін бағалаудың негізін жасау;
- ұйымның ішінде жүйе мен үрдістерді жетілдіруге ықпал ету.

Ішкі аудиттің жұмысы ұйым жетекшілері мен меншік иелері үшін ақпараттық, әрі кеңес беру мәніне ие, ол ұйымның қаржылық шаруашылық қызметін оңтайландыруға ықпал етуге бағытталған. Ішкі аудит жүргізу қажеттілігі кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілер арасындағы экономикалық қарым-қатынастар және басқару механизмдерін реттейтін заң

актілерінің күрделенуіне байланысты орта және ірі кәсіпорындарда жиі пайда болады. Сондай-ақ, ішкі аудит тиімсіз шығындарға жол бермеу, материалдық және ақшалай ресурстардың жоғалуының алдын алу, қаржылық қиындықтан шығу бойынша дер кезінде ұсыныстар өңдеу үшін қажет.

Қазақстанның ішкі аудиторлар институты – халықаралық деңгейде мойындалған Қазақстандағы жалғыз қоғамдық ұйым. Оның әдістемелік қолжетімділігі бар Халықаралық ішкі аудиторлар институтының материалдарына сәйкес оның мүшелері әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың ішкі аудит қызметтерінде жұмыс істейді.

Қазақстанда Ішкі аудиторлар институтын құру халықаралық ішкі аудит стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасындағы ішкі аудит жүйесін дамыту кезеңінде өте өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта экономиканың мемлекеттік секторында ішкі аудитті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін құру бойынша шаралар басталды. Сондықтан Қазақстанның Ішкі аудиторлар институтының әлеуеті, оның Халықаралық ішкі аудиторлар институтымен және халықаралық сарапшылармен серіктестігі халықаралық стандарттарға сәйкес ішкі даму аудитінің бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Ресурстар ішкі аудит саласындағы озық халықаралық және отандық тәжірибені зерделеу, ішкі аудит жүйесін және халықаралық стандарттарға сәйкес бақылауды құру кезінде ұтымды пайдаланылатын болады.

Ішкі аудит қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Ішкі аудит органының жетекшісі өз қызметін жүзеге асыру барысында ішкі аудит органының мынадай принциптерін сақтауды қамтамасыз етуі керек: тәуелсіздік, объективтілік, сенімділік, біліктілік, ашықтық және т. б.

Жалпы алғанда, ішкі аудит органының бизнес-процестері аудит жүргізу, талдау және бағалау кезінде шартты түрде ішкі аудит мынандай кезеңдерге бөлінеді:

1. Бірінші кезең – ақпарат көздері анықталады, аудиторлық объектіге қатысты ақпарат пен құжаттар жиналып, талданады, жиналған ақпарат алдын ала зерттеліп, нәтижелері жинақталып, ішкі аудиттің мәселелері мен объектісі анықталады;

2. Екінші кезең – нақты мақсаттар мен міндеттер айқындалып, ішкі аудиттің жоспары мен бағдарламасы жасалады;

3. Үшінші кезең – ішкі аудиттік іс-шаралар жоспар мен бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда, аралық нәтижелерге негізделіп, ішкі аудит сұрақтары, көлемі және объектісі кеңейтіліп немесе қысқартылады;

4. Төртінші кезең – жүргізілген іс-шаралар негізінде ішкі аудиттік іс-шаралардың нәтижелері қалыптасып, сәйкес ұсыныстар жасалады;

5. Бесінші кезең – аудит ұсыныстармен бірге шешім қабылдау үшін ұйымның жоғарғы басшылығына жіберіледі.

Аудит барысында бөлімшелер жұмысының тиімділік деңгейін анықтау, тәуекелдерді бағалау және оларды азайту бойынша ұсыныстар әзірлеу, корпоративтік басқару стандарттары мен қағидаттарының сақталуын бақылау жөніндегі міндеттер шешіледі [1].

Компанияны ұйымдастыру мен басқарудағы соңғы тенденциялар компанияны ұйымдастыру мен басқарудағы үрдістер икемділікке, орталықсыздандыруға, ақпарат пен коммуникацияларға, демократиялық басқару стиліне, айқындалмаған иерархиямен командалық жұмысқа, инновация мен білімге басымдық береді. Осы соңғы үрдістер ішкі аудитке қойылатын талаптарды өзгертті. Осы өзгерістердің әсерінен Ішкі аудиторлар институты аясында жұмыс істейтін халықаралық мамандар тобы ХХІ ғасырдың ішкі аудитіне жаңа анықтама берді: «Ішкі аудит – бұл ұйымның қызметін жақсартуға және құндылық қосуға бағытталған тәуелсіз, объективті кепілдік және кеңес беру қызметі. Ол ұйымның мақсаттарына қол жеткізуіне көмектесу үшін тәуекелдерді басқару, бақылау және басқару процестерінің тиімділігін бағалауға және жетілдіруге жүйелі, тәртіпті тәсілді қолданады». Бұл анықтама ішкі аудиттің заманауи талаптарға сай болуы тиіс деген соңғы күтілімдерді

камтиды. Алайда, бұл оңай міндет емес, себебі бұл ішкі аудиторлардың кәсіби қызмет аясын алдыңғы шектеулерден шығара отырып, жаңа жағдайлар мен талаптарға бейімдеу бойынша күрделі процесс.

Болашақта ішкі аудиторлар компания ішінде құрметті және сенімді мамандар болады. Бұл ішкі аудиторлардың жұмысын жоғары объективтілік, тәуелсіздік және құзыреттілік деңгейінде орындау арқылы ғана жүзеге асады. Тек ішкі аудиторлар ғана ішкі кеңесшілер мен серіктестер ретінде тәуекелдерді басқаруда, тиісті ішкі бақылау жүйесін әзірлеу мен енгізуде басқаруға кепілдік беріп, кеңес бере алады. Ішкі аудиторлар компания басшылығымен жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз етуі керек, себебі компания басшылығы ішкі аудиторларды компанияның қойылған мақсаттарына жетуіне кеңесші ролін атқаратын маман ретінде қарастыруы тиіс.

Осы тұрғыда ішкі аудит бөлімі өз мақсаты, өкілеттіктері, жауапкершіліктері мен басымдықтарын айқындайтын стратегияны анықтауы қажет. Сондықтан ішкі аудиторлар компанияның бизнес операциялары мен олардың ішкі бақылау жүйелері бойынша сарапшы болуы тиіс. Сол себепті, болашақта ішкі аудиторлар өздерінің техникалық құзыретін үздіксіз білім алу арқылы сақтап тұруы қажет. Компаниядағы ішкі аудиттің сәтті жұмысы үшін ішкі аудит бөлімінде бухгалтерлік есеп пен қаржы, талдау, информатика, ұйымдастыру және басқару, сондай-ақ адами ресурстарды басқару сияқты салаларда білікті қызметкерлер болуы керек.

Компаниялар өскен және дамыған сайын ішкі аудиторлардың кәсіби білімі де жаңартылып, жетілдірілуі тиіс. Соңғы уақытта компаниялар басшылығының күш-жігері басқару процесінің сапасын арттыруға бағытталған, атап айтқанда, мақсаттарға жетудегі жоғары жауапкершілік, ресурстарды тиімді пайдалану, сапаны жақсарту, экологиялық сана-сезімді арттыру, этикалық мінез-құлық пен жауапкершілік. Бұл ішкі аудитке жаңа тәсілді қарастыруды талап етеді. Ішкі аудиторлар компаниядағы өз позициясын өзгертулері керек, яғни ескі пассивті, инспекциялық және консервативті тәсілден жаңа проактивті, тұтынушыға бағытталған тәсілге көшуі тиіс.

Басқаша айтқанда, бұл ішкі аудит бөлімі тек аудит нәтижелерін көрсетіп, жақсарту бойынша ұсыныстар мен түзету шараларын ұсынумен ғана шектелмей, болашақтағы бизнес тәуекелдері туралы кеңестер беруге бағытталуы керек. Ішкі аудиттің басты мақсаты – әлеуетті тәуекелдерді анықтау, түсіну және бағалау үшін қажетті ақпаратты ұсыну. Бұл талап әсіресе жаһандық деңгейде айқын сезіледі. Тәуекелдерді бағалау бүгінгі таңда ішкі аудиттің маңызды қызметіне айналып, бүкіл аудит процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, ішкі аудиторлардың тұрақты міндеті – тәуекелдерді басқару құралы ретінде ішкі бақылау жүйелерін қолдау және жетілдіру. Бұл тұрғыда ішкі аудитор жүйедегі ауытқулар мен проблемаларды анықтап, аудит нәтижелері бойынша есепте көрсетілген шаралардың орындалуын қадағалауға жауапты.

Ішкі аудиттің дамуындағы соңғы үрдістерді талдай отырып, ішкі аудиторлардың қызметі екі бағыт бойынша жүзеге асатынын болжауға болады. Ішкі аудиторлар өткен оқиғалардың әсерін бағалау және болашақта оларды болдырмау мақсатында «ретроспективті» әрекет ететін болады. Дегенмен, ішкі аудиттің алдын алу әрекеті бүгінгі күні әлдеқайда маңызды. Бұл бағыт болашақ тәуекелдерді алдын ала болжап, оларды болдырмау үшін ішкі бақылау шараларын жүзеге асыруға бағытталған.

Ішкі аудитордың зерттеу аясы компанияның болашағына бағытталған бүкіл бизнесін камтиды. Алдағы уақытта ішкі аудитке технология, жаңа нормативтік талаптар, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару, этика және сәйкестік сияқты бизнес үрдістері айтарлықтай әсер етеді. Мұндай жағдайда аудит есебі тек аудит нәтижелерін көрсететін және әлеуетті жақсартулар мен түзетулер ұсынатын құрал болып қана қоймайды.

Болашақта аудит есебі бизнес тәуекелдерін талдауды, оларды азайту және жою бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ қолданыстағы ішкі бақылау жүйелерін бағалауды камтитын болады [2].

Ішкі аудиттің тәуелсіз аудит қызметінің түрі ретінде дамуы көбінесе ішкі аудиторлар

институтының қызметімен байланысты.

Аудиттің пайда болуы мен даму тарихын зерттеу бірнеше кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең. Біздің ойымызша, ішкі аудиттің дамуының алғашқы кезеңінде ол бухгалтерлік есептіліктің шынайылығын зерттеуге, қолданыстағы заңнамалардың сақталуын тексеруге және аудит объектісіндегі ішкі бақылау жүйесін бағалауға бағытталған. Бұл кезең, біздің ойымызша, 1978 жылы ішкі аудиттің халықаралық стандарттары қабылданғанға дейін болды.

Екінші кезең. Ішкі аудиттің дамуының екінші кезеңі, біздің пікірімізше, 1990 жылдары тәуекелдерді басқару тұжырымдамасының пайда болуымен және оны ұйым тәуекелдерін тиімді басқару және банкроттықты болдырмау мақсатында ішкі аудит тәжірибесіне енгізумен байланысты.

Үшінші кезең. 2000 жылдардың басынан қазіргі уақытқа дейінгі ішкі аудиттің дамуының үшінші кезеңі стратегиялық жоспарлаудың дамуы мен ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігімен байланысты. Бұл ішкі резервтерді анықтау және қаржылық-экономикалық қызметті жүзеге асыру, өндіріс немесе қызмет көрсету шығындарын азайту және ұйымның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу арқылы жүзеге асады.

Төртінші кезең. Бұл кезең 2018 жылдан басталады. 2018 жылдың жазынан бастап тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, сондай-ақ олардың маңызды элементі ретінде ішкі аудит акционерлік қоғамдар үшін міндетті болып табылды.

Сонымен қатар, ішкі аудитті ұйымдастыруға қойылатын талаптарды дәстүрлі тәсілдермен, мысалы, аудит комитетінің қатысуымен үйлестіруге мүмкіндік туды. Егер акционерлер мұндай комиссияны тікелей сәйкестік-бақылаудың элементі ретінде сақтауды қаласа, оның бар болуы компанияның даму тарихымен немесе ерекше функцияларымен ақталса, ол қалуы мүмкін.

Ішкі аудиттің дамуы мен қалыптасу процестері қазіргі экономикалық шындықта ішкі аудиттің басты мақсаты ұйымның қаржылық-экономикалық қызметінің ішкі резервтерін анықтау және оларды іске асыру, сондай-ақ аудитормен әзірленген ұсыныстарды бақылау екенін көрсетеді[3].

Соңғы уақытта ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптар қатаңдай түсуде. Мысалы, 2002 жылы АҚШ-та Сарбейнс-Оксли заңы қабылданды. Бұл заң тек американдық компанияларға ғана емес, сондай-ақ АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында бағалы қағаздары тіркелген барлық компанияларға қолданылады.

Заңға сәйкес, жария компанияларға қаржылық есептілікте жарияланатын ақпараттың көлемін кеңейту бойынша бірқатар жаңа талаптар қойылды және компанияның қаржылық есептілігінің шынайылығы үшін басшылықтың жеке жауапкершілігі белгіленді. АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген компаниялардың аудит комитеттері ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару тетіктерінің тиімділігіне жауапты.

Осылайша, қазіргі жағдайда ішкі аудиттің негізгі міндеті – ұйым басшылығының шаруашылық қызметінің тәуекелдерін бағалау бойынша әрекеттерінің тиімділігін бақылау және тәуекел деңгейін төмендету мен бизнес-процестердің тиімділігін арттыру бойынша кеңес беру болып табылады [4].

Ішкі аудит бағдарламасынан барынша пайда алу үшін, мамандар тек талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етумен ғана шектелмей, сонымен қатар басқару жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін тексеруге, үдерістердің жоспарланған талаптарға сәйкестігін анықтауға және жақсартуға болатын аймақтарды белгілеуге бағытталуы қажет [5].

Біз бәріміз трансформация дәуірінің басталғанын сезінудеміз. Өзгерістер өмірдің қалыпты жағдайына айналды. Ішкі аудиторлар жоспарлау кезінде артқа қарамай, алға қарауы қажет. Жоспарларды тұрақты түрде жаңартып отыру маңызды (жылына бір рет немесе жарты жылда бір рет жаңарту енді жеткіліксіз). Сондай-ақ, күнтізбелік жоспарда жыл ішінде міндетті түрде пайда болатын қиын болжанатын тапсырмаларды орындауға уақыт резервін қалдыру керек.

Ішкі аудиторлар, бір жағынан, жаңа технологияларды, ең алдымен, цифрлық

технологияларды енгізуге байланысты перспективалар мен тәуекелдерді бағалауы керек, ал екінші жағынан, бұл технологияларды өздерінің күнделікті жұмысына енгізуі керек. Қазіргі заманғы ішкі аудиттегі технологиялар мыналар болып табылады: ішкі аудитті басқаруға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, үлкен деректер жиынын талдау, үздіксіз аудит.

Қазіргі таңда біз өзіміздің қолданыстағы құралдарымызға сыни көзбен қарап, олардың ескіріп қалмағанын немесе жақын арада өзектілігін жоғалтпайтынын бағалауымыз керек. Ішкі аудитте жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы ашылатын мүмкіндіктерді толық пайдаланамыз ба? Біз үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект сияқты технологиялардың әлемді түбегейлі өзгертетінін және қазірдің өзінде өзгертіп жатқанын түсінуіміз керек және бұл өзгерістерді өз жұмысымызда қалай қолдануға болатынын білуіміз қажет.

Ішкі аудит қызметтері үшін бей-жай қарамайтын және сыни тұрғыдан ойлай алатын жаңашыл мамандарды тәрбиелеу немесе оларды командаға тарту өте маңызды. Сондай-ақ үлкен деректермен жұмыс істей алатын, ақпараттық жүйелер, ақпараттық технологиялар және киберқауіпсіздік саласында білімді мамандарды оқыту немесе жұмысқа алу қажет. Бұл білім мен дағдылар ішкі аудиторларға екі негізгі бағытта пайда әкеледі: біріншіден, олар компанияда өзгерістердің қозғаушы күші болып, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға ықпал етеді; екіншіден, компанияларға жаңа технологияларды пайдалануға байланысты тәуекелдерді басқаруға көмектеседі.

Білімге инвестиция салу қажет, бірақ ол әрдайым үлкен қаржыны талап етпейді. Ең бастысы – мүмкіндіктерді іздеу. Бұл тұрғыда кәсіби қауымдастықтар, кәсіби біліктіліктерді алу және өзін-өзі дамыту үлкен көмек көрсетеді[5].

Қазіргі заманғы сын-қатерлер ішкі аудиттен икемділікті, өзгерістерге тез жауап беру қабілетін және процестерді автоматтандыру және үлкен деректерді пайдалану сияқты жаңа технологияларды игеруді талап етеді. Сондықтан аудиторлардың дағдыларын үнемі оқыту және жетілдіру жүргізілетін тексерулердің сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар ұйым ішіндегі процестерді тереңірек түсінуге және жасырын тәуекелдерді анықтауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ішкі аудит қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыруға инвестициялар басшылық пен басқа да мүдделі тараптардың сенімін нығайтуға ықпал етеді. Бұл ішкі аудитті компанияның стратегиялық процестеріне неғұрлым белсенді тартуға негіз жасайды, бұл өз кезегінде оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттырады.

Осылайша, ішкі аудит біліміне инвестициялау оның дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар бизнестің жалпы тиімділігі мен қауіпсіздігіне оң әсер етеді, бұл тәуекелдерді басқаруға және ұйымдағы ашықтықты арттыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Товма Н.А. «Развитие внутреннего аудита в Республике Казахстан» мақаласы. УДК 005.96 (574). ҚазҰУ хабаршысы. Экономикалық қатар. № 3 (109). 2015
2. Taran O.L., Lazareva N. A. «The Main Trends in the Development of Internal Audit and the Transformation of the Term «Internal Audit» Essence in Russia» мақаласы. Atlantis Press-ғылыми, техникалық және медициналық еңбектердің, журналдар мен кітаптардың кәсіби баспагері.
3. А.Н. Кизилов, О.В.Овчаренко. «Развитие внутреннего аудита в системе управления коммерческой организацией». Экономический журнал «Ростовского государственного экономического университета» издание № 3, 2009г., 271-стр.
4. Sue West «Internal auditing of management systems». URM блогы. 18 қазан. 2024 жыл. <https://www.urmconsulting.com/blog/internal-auditing-of-management-systems#Section-9>
5. Алексей Сонин «Тренды в развитии внутреннего аудита», статья. ИВА – институт внутренних аудиторов. [https://www.ia.ru/inner\\_auditor/publications/articles/testovyy-razdel/trendy-v-razviti-vnutrennego-audita/](https://www.ia.ru/inner_auditor/publications/articles/testovyy-razdel/trendy-v-razviti-vnutrennego-audita/)